

**МАХАМБЕТ ТІЛІНДЕГІ КӨРКЕМДЕГІШ –  
БЕЙНЕЛЕГІШ ТӘСІЛДЕРДІҢ ҚОЛДАНЫСЫ****Кульбаева М.М.**

Жаңаша көзқарас қалыптастыру кезеңінде тұрған қазіргі қазақ әдебиеті бұл тұста күллі әлем әдебиетінің сатысынан елеулі орындардың бірін иелейді. Әдебиетіміздің жетекші саласының бірі – поэзияның эстетикалық байлығы артып, көкжиегі кеңіді. Әдебиетіміздің даму кезеңіндегі әрбір дәуір өз ақынын туғызады десек, қазақ ақындарының әрқайсысы өзінше қайталанбас шығармашылық тұлға ретінде жеке дара көріне алады. Сондай дара таланттардың бірі – Махамбет Өтемісұлы.

Қазақтан талай батырлар шыққан. Бірақ Махамбет деңгейіне, Махамбет дәрежесіне жете алған жоқ. Оның себебі – батырлардың бәрі бірдей жыршы болмаған, жауына қарсы қаруын кезегенмен, тілін кезей алмаған. Ақындарымыздың бәрі бірдей батыр болмаған. Жауына сырттан тіл безегенмен, көк сүңгісін қолға алып, жауын шанши алмаған. Махамбет қасарысқан жау ортасына қол бастап кіріп, ерліктің үлгісін көрсетіп, шыбын жанын пида етіп айқасып, ақ алмасымен тіліп түсіп отырған. Махамбет өзгеде жоқ та, өзінде ғана бар құдіретті қасиетімен батырлар тарихында да, ақындар тарихында да, сазгерлер деңгейінде де жарық жұлдыздай жарқырап жанып тұратын қайталанбас дара тұлға. Қазақ халқы рухани мәдениеттен кенде халық емес. Көшпелі қазақ жұртының да өткен тарихы бар, адамзат мәдениеті тарихына қосқан өзіндік үлесі бар, үлкен әдебиеті бар. Өмір де, өскелең өнер де бір қалыпта тұра бермейді.

Қазақ халқының біршама мол сақталған әдеби мұрасы – поэзиясы, әсіресе, жыраулар мен ақындар жыры, сан ғасыр бойы сыннан өтіп, халық көкірегінде жатталып, жыраудан жыршыға ұласып, біздің дәуірімізге жеткен сұңғыла сөз зергерлері – XV-XVIII ғасырларда өмір сүрген Асан қайғы, Қазтуған, Доспамбет, Шәлгез, Жиамбет, Марғасқа, Ақтамберді, Тәтіқара, Үмбетей, Бұқар, Көпеш, Шал сияқты ақын, жыраулар, XV-XVIII ғасыр ақын, жырауларының өмірі мен шығармашылығы хақында бірқатар

зерттеулер жарияланды. Әйтсе де, бұл дәуірдегі ақын, жыраулар мұрасының әлі ашылмаған қыры мен сыры аз емес, солардың бірі – ақын, жыраулар поэзиясының көркемдік ерекшеліктері. Осындай шағын еңбекте үш-төрт ғасыр поэзиясының идеялық – көркемдік ерекшеліктерін түгел байыптап беру мүмкін емес, сондықтан біз ақын-жыраулардан жеткен асыл мұралардың басты-басты өзіндік өрнек, көркемдік құнарын байыптап қарадық. Себебі көркемдік өрнек – ерекшеліктер ақын-жыраулардың жан сезімі мен ой-қиялын, арман-мұратын, өз дәуіріне, сол кезеңдегі тарихи елеулі оқиғалар мен белгілі адамдарға деген көзқарасын, сайып келгенде, суреткер мұрасын шынайы танып – білуімізге мүмкіндік береді.

Атадан балаға, жыраудан жыршыға көшіп, ертелі-кеш қағаз бетіне түсіп, негізгілері ғана сақталған XV–XVIII ғасырлардағы қазақ поэзиясы – оны туғызған жыраулар мен ақындарды таланттарын әйгілеп, олар өмір сүрген алыс замандар жайлы сыр шертеді. Қазір жыраулар мен ақындар, олардың атқарған қызметі туралы пікірлер қалыптасты деуге болады. Жырау сөзі – қашан да халық сөзі. Ендеше, халықтық ойдың биігінен айтылған сөз жігерлі, өтімді, айбарлы болмақ. Қазіргі заман поэзиясында да дәл осындай жақсылық пен кемшілікті бар дауыспен айта алатын қасиет көбірек болса, оның тәрбиелік салмағы арта түсер еді. Бізде қоғамның, ел көсемдерінің алдындағы ұлы міндеттерді шындықтың диалектикасын сақтай отырып сөйлеу жетіспейді. Көптеген өлеңдерде қазіргі кезеңге тән олқылықтар ғана тізіліп көрсетілгенімен, олар біржақты мұң, нала, сын болып естіледі. Ал биік мұратпен нұрланбаған сын мен мін кейде бірыңғай қаралау секілді әсер қалдыратыны болады. Сондықтан ақын, жыраудың аңсары анық, көздегені елдік арман болмаған жерде өлең, поэзияныңсыны сынампаздық, мұңы дәрменсіздік секілді әсер қалдыруы мүмкін.

Жыраулық поэзиядағы мәңгі тот баспас сарын – халық, ел көлеміне көтерілген

ерлік. Осы себептен де ондағы ерлік мадағы әсіре қызыл жаттанды сөз емес, қайратты тұлғаның жүрекжарды, өр дауысы болып жаңғырады.

Негізгі тақырыбы – ел қорғау, ерлік, бірлік, намыстылық болып келетін поэзия, осы кезге дейін зерттеушілеріміз тұжырымдап келгендей, XV-XVIII ғасырлар шеңберімен ғана шектеліп қалмағанын көреміз. Жыраулық поэзияға тән белгілер одан берідегі ғасырлар жырларында да орын алып келгеніне мысал көп.

Бұл кезге дейін XIX ғасырдағы қазақ поэзиясын бірыңғай ақындық өнер туындысы қатарына қосып келдік. Дегенмен, осы аталған кезеңде де классикалық жыраулық поэзия дәстүрінің жалғасқанын көреміз. Мұндай тұжырым жасауға бір Махамбет шығармашылығының өзі толық мүмкіндік береді. Махамбет өлеңдерінің дені түр және мазмұны жағынан жыраулық поэзияның төл туындысы деп есептеуге лайық. Мұның себебі, біріншіден, Батыс Қазақстан өңірінде ежелгі жыраулық поэзияның ізі суымағанына, бұл дәстүрдің тамырын терең жайғанына байланысты болса, екіншіден, XIX ғасырдың бірінші жартысында Бөкей ордасында қауымды дүрліктірген ірі қайшылықтар мен күрестердің дүмпуі, «Ой түбінде жатқан сөз, шер толқытса шығады» демекші ерлік пен асқақ намыстылыққа негізделген жыраулық поэзияның қайта жаңғырып шығуына серпін берді. Жеден, жайылымнан қатты қысым көрген шаруалардың 1836-1837 жылдардағы Жәңгір ханға қарсы көтерілісі қазақтардың ертеден жалғасып келе жатқан «ет қызуы» суымаған ерлік поэзиясының қайта өршуіне объективтік жағдай туғызды.

Махамбет жырларында жыраулық дәстүрге тән ерекшеліктің «төрт құбыласы» түгел табылады. Жасынан жыраулық өлең мұхитында еркін жүзген ақын Жәңгір хан билеушілігі душар еткен төтен қыспаққа, не өмір, не өлім дейтіндей тағдыр «тандауына» бетпе-бет келгенде ежелгі ерлік поэзиясының «бес қаруын» түгелдей жаңғыртып, ертедегі Қазтуған, Доспамбет, Шалғез, кейініректегі Бұқарлардың сарынын өрнектеп қайта тірілтті; тақырыбының кеңдігі, ойларының тегеуірінділігі сол дәстүрді неғұрлым толық та тұнық шырайын елестетеді. Ақын-

ның кейбір толғаулар ауызша тараған шығармаларға тән формулалық қайталаулар нышанын танытады.

Махамбет тарихта жырау емес, ақын деген атпен танылды, бірақ әдебиет пен әдеби тілдегі орны жыраулық пен ақындықтың түйіскен жерінде. Ол – жыраулар мектебінің нәрі мен барын алып, оны ақындық дәстүрге қиюластырған қаламгер. Ең алдымен, Махамбет – нақтылы тақырыпты сөз еткен ақын. Ол Шалкиіз, Бұхарлардай ақылгөй, кеңесші емес, бұрынғы жыраулардай өмірмен болмысты, айналадағы тұрмыс-тіршілікті сырттан бақылап, толғаушы да емес. Сол өмірге қоян-қолтық араласушы, осы тіршіліктің өз тұсындағы оқиғалары мен іс-әрекеттеріне тікелей қатысушы. Тақырыбы көбіне-көп нақтылы болғандықтан, оның еншісіне сол нақтылыққа сай жаңа образдармен жеке сөздерді әдеби тілге қосу үлесі тиген. Бірақ жаңа бағытты бекітіп, жеткізуге Махамбет өзіне дейінгі қазақ поэзиясының, оның ішінде жыраулар мектебінің ең жақсы, ең күшті құрал-тәсілдерін кәдеге асырады. Махамбет поэзиясы кенеттен басталады. Сырттай қарағанда оның поэзиясының алғы сөзі, балғын шағы жоқ, есею жылдары да жоқ. Оның сол кенеттен басталған поэзиясы күтпеген жерден аяқталмай үзіледі. Ауыз әдебиеті, жыраулар жырларында әлдебір маңызды оқиға болып өткеннен кейін жырланатын болса, Махамбеттің бастан кешкен тарихи кезеңінде поэзия сол күрестің ішінде бірге жүреді. Бұл – қазақ поэзиясының ауыз әдебиетінен бөлініп шыға бастағандығының ең алғашқы белгілерінің бірі. Әрине ақын халық ауыз әдебиеті мұрасының көркемдік тәсілдерін кеңінен қолданды және оны ілгері дамытты. Оның үстіне фольклорлық тәсілдің кейбір түрлері күрескерлікті жырлауға өте қолайлы, ықшам. Жаугершілік заманның сөйлеу тілі де өзгешерек болады. Сондай тілмен логикалық шебер үйлесіндей өлеңдерт ақынның эстетикалық талғамын және өзіндік стилін тануға мүмкіндік береді [1, 10-15]. Мұны айтқанда, әр таудың өз биігі, әр мұхиттың өз тереңі бар екенін ұмытпау керек. Махамбет тақыр жерге өздігінен пайда бола қойған жоқ еді. Махамбет – деген алып бәйтеректің ұлы тұлғалар жатқан құнарлы топырақтан тамыр тартқанын еш-

кім де жоққа шығармайды. Сол себептен Асан Қайғы, Ақтамберді, Бұқар, Махамбеттерді бір-бірлерімен салыстырулар арқылы емес, салғастырулар мен жалғастырулар арқылы қарастырған жөн [2]. Мұның басты себебі: Махамбет поэзиясы шаруалар көтерілісі негізінде, соның тікелей әсерімен туды. Ал шаруалар көтерілісі қауым топтарына саяси пішім берді, көтерілісі оларды жікке бөлді. Көтерілістің осы даналығы Махамбеттің даналығы болып поэзияға түсті. Ол көтерілістің тілін сөйледі, көтерілістің көзімен қарады.

Осы себепті де Махамбет нені көріп, нені көре алмаса да, нені айтып, нені айта алмаса да, оны көтерілістің сипатынан іздеу керек болады.

Махамбет пен Бұхар қазақты тұтас алған жоқ, оны қара халыққа (бұқараға), ел билеуші хан-сұлтанға бөліп қарады. Әрине ол әкімдікті сынаған болатын, бірақ олар терезесі тең адам ретінде сынаса, Махамбет әкімді бұқара көзімен сынады. Ал мұның өзі сол кездегі қазақ поэзиясы үшін ірі табыс болды, қазақ поэзиясының жаңа белесі болды [3]. Махамбет шығармаларының көбінде нақтылы тақырыпты жырлау үстінде бұрынғы Шалкиіз, Қазтуған, Доспамбеттерде кездесетін образдар қайталанады. Мысалы, «Тайманның ұлы Исатайдың» портретін беретін өлеңдерінің бірінде өзінің негізі айтпақ ойы:

Тайманның ұлы Исатай  
Ағайынның басы еді,  
Алтын ердің қасы еді.  
Исатайды өлтіріп,

Қырсық та шалған біздің ел, – деген жолдар болса, осының алдындағы Исатай портретін беретін тармақтары:

Арғымақтан туған қазанат  
Шабуыл болса нанғысыз.  
Қазанаттан туған қазмойын  
Күніне көз көрім жер шалғысыз.  
Айырдан туған жанпоз бар,  
Нарға жүгін салғысыз.  
Аруанадан туған мая бар,  
Асылын айуан десе нанғысыз.. Мұны

Шалкиіздегі мына жолдармен салыстырыңыз:

Айырдан туған жанпоз бар  
Жүгін нарға салғысыз.

Арғымақтан туған будан бар,  
Күнінде көрінім жерді алғысыз.  
Жаманнан туған жақсы бар,

Адам айтса нанғысыз.. деген түрінде XV–XVIII ғасырлар поэзиясында кездесетін параллельдер болып келеді. Мүмкін, бұл – Махамбет мұрасын жеткізушілердің қоспасы да болар: оған дейінгі әдеби үлгілердің ел жадындағы мазмұндас, идеялас келетіндерін Махамбет сияқты ардагерінің еншісіне «бере салу» халық психологиясына қайшы келмейді. Тіпті бұл жағдайда да ақын творчествосының өзінен бұрынғы поэзия дәстүрімен іліктестігі жоққа шығарылмайды.

Ең нақтылы тақырыпқа жырланған «Баймағамбет сұлтанға айтқан сөзі» деген шығармасының өзінде Махамбет өткендегі әдеби тіл өрнектерін бір-екі тармақ етіп те, жеке бөліктер түрінде де енгізеді. Мысалы, біздің осы күнгі өлең түріне келтіріп жазуымызға орай 12 бөлімнен тұратын бұл шығарманың 1-бөлімі түгелімен дерлік өткен үлгілерден алынған тармақтар, ал қалған бөлімдерінде:

Бөліне көшкен еліңді  
Бөріккен қойдай қылармын.  
Жарыла көшкен еліңді  
Жаралы қойдай қылармын..

Керегесін кескілеп,  
Отын етсем деп едім.  
Туырлығын тілгілеп,

Тоқым етсем деп едім. – деген сияқты жолдар жыраулар толғауларымен ұштасып жатыр. Бұл – Махамбет поэзиясы тілінің ерекшелігінің бірі болып табылады. Осы белгісі арқылы Махамбеттің әдеби тіліміздің даму барысындағы орны да ерекше шығады: оны өзіне дейін поэтикалық дәстүрді жинақтаушы (синтездеуші) ақын ретінде танытады. Махамбет – өзіне дейінгі қазақ поэзиясының ғасырлар бойы қалыптасқан, шыңдалған, елек көзінен өткен табысын бір жерге түйіп тастап, оны әрі қарай жаңа бағытта жалғастыруға бет алған суреткер.

Ақынның бұл қызметі шығармашылығының өн бойынан сезіледі. Өзіне дейінгі әдеби тілдің, әсіресе жыраулар тілінің бар байлығын пайдаланды деген сөз оның тек көркемдеу тәсілдерін қайталауына ғана емес, сөздік құрамына да, фразеологиялық құрамына да жатады. Махамбет шығарма-

ларының лексикалық сипаты өзінің алдындағы әдеби үлгілермен әуендес: мұның да негізгі қазақтың төл сөздері. Өлеңдерінің басты тақырыбына орай Махамбет те жаугершілік лексика тобын молынан қолданады. Олар қару-жарақ, сауыт-сайман аттары: *найза, қылыш, мылтық, білтелі, садақ, жай, дулыға, көбе, кіреуке, жебе, сауыт, қорамсақ, сүңгі, семсер* т.т. Бұлар негізінен Махамбеттің өзі қатысқан ұрыс-соғысты суреттеуден гөрі, жоғарыда келтірілгендей, өткен дәуірлерден келе жатқан әдеби штамптарды образ үшін пайдаланған тұстарында көбірек жұмсалған. Мысалы, өзінің портретін берген бір өлеңінде: Белгілі туған ер едім, Белім садақ асынған – десе, бұл жердегі садақ сөзі портреттің дәлдігі үшін емес, образ үшін алынған, өйткені беліне садақ асыну бейнелі тіркесі ұрысқа сай ер-азаматтың символы болып табылады.

Жаугершілік лексика тобының образ үшін молынан қолданылғандығы олардың тұрақты эпитеттермен келген сәттерінде тіпті анық көрінеді. Махамбетте де найза сөзі жалаң түрінен гөрі, *егеулі найза, жалаулы найза, алты құлаш ақ найза, толғамалы найза, қималы найза, қоңыраулы найза* деген эпитетті түрлерінде қолданылған. *Сары жебе, сұр жебе, балдағы алтын ақ болат, қарқыны күшті көк семсер* дегендер де осы қатардан табылады.

Жаугершілікке қатысты тек есім сөздер емес, етістіктер де ақын тілінде едәуір орын алады және олардың басымы бұрын қалыптасқан жеке сөздер мен тіркестер болып келеді: *әскер жиып аттану, жауға тию, қамалды бұзу, оқ ату, оқ тию, жау тоқтату, садақ асыну, қанға боялу, қанды көбірек жұтқызу, жауға тию, жандасу, қырылу, кескілесу* т.б.

Махамбет тіліндегі екінші бір көзге түсетін белгі – көне сөздердің қолданылуы. Ол көнелер бұрынғы поэзия тілінен келе жатқандар. Махамбеттің өзіне дейінгі әдеби дәстүрмен іліктестігінің тағы бір айғағы осы жерде. XV-XVIII ғасырлардағы Қырым жері мен Азаулы (Азов), Дон, Еділ, Жайық бойларында жасап өткен Шалкиіз, Қазтуған, Доспамбеттерде кездесетін *сой (асыл тек), тарлан, тарпаң, арайна, баттауық, сайғақ, Еділ – Жайық, емсеу, жемсеу (Еділді көріп*

*емсеген, Жайықты көріп жемсеген)* сияқты сөздердің Махамбетте сақталу себебі, бір жағынан, оның өткендегі әдеби тіл байлығын жақсы пайдалануы болса, екінші жағынан, осы жырауларға Махамбеттің мекен-тұрағы жағынан жақындығы деуге болады. Өйткені бұл сөздер осы жыраулар дәстүрін ілгері апарушы Бұхарда кездеспейді немесе ақындық мектебін әрі қарай алып кеткен Дулат, Шортанбай, Шөжелерде де бұл көнелер жоқ.

Махамбет сөздігінде бұлардан басқа қазірде мағыналары күнгірт немесе өзгеше болып келетін бір топ сөздердің қолданылғандығын көрсетуге болады. Мысалы, *қалықпан (құстың атауы), ереуіл (тың ат), толғай (тақыр бас), жетім (тұтқын), керіскен (аң?), қырқарлану (тізбектелу), зым-ыран (аң?), ала (азбан), алаулау (соғысу, ұрысу), маңғыстау (ілгері басу, жүру, адымдау), қары (туысқан), астана жұрт (бағынышты ел), қарашы (кеңесші)* т.б. сөздер қазіргі тілімізде кемде-кем жұмсала-тын, сирек кездесетін элементтер. Бұлардың Махамбет тіліндегі көрінісі ақынның сөз қазынасын поэтикалық талғамға салып сұрыптай білген суреткер екенін танытады.

Махамбеттің сөз қолданысындағы және бір ерекшелік әдеби – көркемдеу тәсілдеріне қатысты. Жоғарыда айтылды, ақынның көптеген эпитет, теңеу, метафоралары, өзіне дейінгі бай ауыз әдебиеті мен ақын-жыраулар тілінен алынған. Сонымен қатар Махамбеттің өзі қосқан тың образдары қазақ поэтикасына әкелген үлесі болды. Бір ғана ел қамын жеген ердің, халқы үшін күрескен азаматтың образын білдіретін теңеулердің Махамбет бірнеше вариантын ұсынады. Мысалы қызғыштай болған есіл ер, еркек қойдай бөлініп, қырқарланып өткен ер, таудан мұнартып ұшқан тарланым, кермиық, керіскендей шандозым, қас бәйтерек, шамданса, шалқасынан түсер асау, шамырқанса, шатынап сынар болат, түбін қазған бәйтерек, тауда ойнаған қарт марал, шарға ұстаған қара балта, ақсұңқар құстың сойы, екі тарлан бірі, құстан туған құмай, қарақұстан туған қалықпан, суаруы қанық көк сүңгі дегендердің барлығы да Исатайдай батырдың, оның соңына ергендердің теңеулері мен метафоралары. Бұлардың ішінде Исатайдан айрылған өзін түбін қазған

бәйтерекке теңеуі, көтеріліс жеңіліп, арманда қалған күрескер образын шарға шауып мұқалған алмасқа, сұғуын таппай тот алған, суыруы қанық көк сүңгіге теңеуі Махамбетке дейінгі поэтика қазынасында болмаған дүниелер. Сол сияқты қалықпандай қомданып жаумен айқасу, Жайықты тіземен бұзып өту, қырдан қиқу төгілу (естілу емес, төгілуі), қайраңнан алған шабақтай қия бір соғып ас ету, адырнаны ала өгіздей мәңгірету, темір қазық жастану, қу толағай бастану образдар да соны. Бұлар Махамбет жаңалықтары. [4,181-183]. Ақынның бұлар тәрізді метафоралы, теңеулі образдары қазақ поэзиясы тілін жоғары сатыға көтерді, осындай қолданыс арқылы жаңа образдар жасауда қазақ тілінің мүмкіндігі орасан зор екендігін танытты. Оның үстіне бұл образдардың айтылмақ ойға (шығарма идеясына) дәл келіп, қиысып жатуы қазақ поэзиясында мазмұн мен түрдің үндесуі дегенге үлес қосты деп тұжырымдауға болады.

### **ЖЕКЕ БАСҚА ҚОЛ СҰҚПАУШЫЛЫҚТЫ ШЕКТЕУДІ РЕТТЕЙТІН КЕЙБІР ҚҰҚЫҚТЫҚ НОРМАЛАРЫ**

**Рағатова М.О.**

Кез-келген мемлекеттің негізгі байлығы ол әрине халық. Қазақстан Республикасы өзін демократиялық мемлекет ретінде құра отырып, адам және азаматтың құқықтары мен бостандықтарын жоғары қояды. 1995 жылдың 30-тамызында қабылданған Ата заңымыздың 1-бабында мемлекеттің ең қымбат қазынасы – адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары екенін атап көрсеткен [1].

Әр адамның құқықтарымен қатар міндеттері де қатар жүреді. Сол міндеттерінің бірі өз құқықтарын жүзеге асыру барысында басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын бұзбауға, конституциялық құрылыс пен қоғамдық имандылыққа нұқсан келтірмеуге тиіс.

Объективтік себептерге байланысты жалпы қоғам үшін, қоғамның әр мүшесінің мүддесі үшін Конституциямен кепілденген жеке басқа қол сұқпаушылық мәселесіне шек қою жағдайлары қарастырылған. Осы-

### ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Келімбетов Н. Ежелгі түркі поэзиясы және қазақ әдебиетіндегі көркемдік дәстүр жалғастығы: Автореферат. – Алматы, 2002.

2 МедетбекТ. Баба дәстүрдің мұрагері кім? - Алматы: Өлке, 2001. – 247б.

3 Өмірәлиев Қ. ХҮ–ХІХ ғасырлардағы қазақ поэзиясының тілі. – Алматы: Ғылым, 1976. – 270 б.

4 Қаратаев М. Дәстүр және жаңашылдық.– Алматы, Ғылым, 1980. – I кітап. – 366 б.

#### **Резюме**

*В данной статье рассмотрены основные аспекты поэзии жырау XV–XVIII веков, проведен сравнительный анализ.*

#### **Conclusion**

*This article is devoted to examination stem aspect of the poetry narrator XV–XVIII centuries and taking comparative analysis.*

ған байланысты аталмыш проблеманың құқықтық реттелу мәселесін қарау жұмыстың өзектілігін түсіндіреді. Адамның жеке басына тиіспеушілік қағидасы жеке тұлғаның құқықтық мәртебесінің маңызды бөлігі ретінде мемлекетішілік және халықаралық деңгейдегі құқықтық актілер сияқты түрлі құжаттарды көрініс тапқан.

Жеке басқа қол сұқпаушылықты шектеу проблемасын реттеуде халықаралық нормалардың алатын орны ерекше. Қазақстан Республикасының Конституциясының 4-бабы 3-тармағында былай деп көрсетілген «Республика бекіткен халықаралық шарттардың Республика заңдарынан басымдығы болады және халықаралық шарт бойынша оны қолдану үшін заң шығару талап етілетін жағдайдан басқа реттерде, тікелей қолданылады» [1].

Демократиялық қоғамда қарастырылған басқа адамдардың құқықтары мен бостандықтарын қамтамасыз ету, моральдық